

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық министрлігі
Міндетті медициналық сақтандыру қорын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 29 қыркүйек N 1295. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.01.29. N 70 қаулысымен.

Атауы мен мәтіні өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.08.04. N 737 қаулысымен .

"Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 15 маусымдағы N 2329 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық министрлігі Міндетті медициналық сақтандыру қоры құрылсын.<*>

2. Міндетті медициналық сақтандыру қорының қызметін жергілікті атқарушы органдармен, медициналық ұйымдармен және сақтандырылған азаматтарға медициналық қызмет көрсету жөніндегі медициналық қызметпен айналысатын тұлғалармен үйлестіру жөніндегі өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі жүзеге асырады деп белгіленсін .

< * >

ЕСКЕРТУ. Жаңа 2-тармақпен толықтырылды, 2-7-тармақтар тиісінше 3-8-тармақтар болып саналды - ҚР Үкіметінің 1998.10.12. N 1556 қаулысымен .

3. Осыған қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық министрлігі Міндетті медициналық сақтандыру қоры туралы Ереже, Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы бекітілсін.

< * >

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылғы нақтыланған бюджетте денсаулық сақтауға арналып көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық министрлігі Міндетті медициналық сақтандыру қорына 10,0 (он) млн. теңге сомасындағы жарна белгіленсін, ол кейіннен 1996 жылдың республикалық бюджетін орындау барысында аталған Қорға сақтандыру төлемдерін аудару кезінде есепке алынсын.

< * >

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне осындай тәртіппен 1995 жылы Қордың тиісті бөлімшелеріне жарналар жинау ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылға арналған

республикалық бюджеттің жобасын қалыптастырған кезде әлеуметтік сақтандырудың міндетті түрлеріне (Зейнетақы қоры Әлеуметтік сақтандыру қоры және Міндетті медициналық сақтандыру қоры) жұмсалатын қаражатты қайта бөлу жөнінде ұсыныс әзірлеп, енгізетін болсын.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп сыртқы көздерден қарыз алудың есебінен Қор мен оның бөлімшелерін жарақтандыруға 1996 жылға қаражат бөлінуін қарастырсын.

7. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет Қормен және оның бөлімшелерімен бірлесе отырып, міндетті медициналық сақтандыру жүйесін ұйымдастыру мен оның қызметіне байланысты мәселелерді шешетін болсын.<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.08.04. N 737

қ а у л ы с ы м е н

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті екі ай мерзімде Қор мен оның бөлімшелері үшін қызметтік үй-жайдың бөлінуін қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1995 жылғы 29 қыркүйектегі

N 1295 қ а у л ы с ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Міндетті медициналық сақтандыру қоры туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі - Қор) Міндетті медициналық сақтандыру жөніндегі сақтандыру төлемдерін шоғырландыруға және сақтандыру төлемдерін өтеуге арналған мемлекеттік қаржы ұйымы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры облыстық және Алматы қалалық бөлімшелерін (бұдан әрі - бөлімшелер) құрады, олар өз қызметін осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры заңды тұлға болып табылады және өз қызметінде Қазақстан

Республикасының заңдарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Қор туралы Ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қордың орналасқан жері - Қазақстан Республикасының астанасы.

Қор бөлімшелерінің орналасқан жері - облыс орталықтары мен Алматы қаласы.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының міндеттері

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының негізгі міндеттері:

міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған азаматтардың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құқықтарын қамтамасыз ету;

міндетті медициналық сақтандыру саласында мемлекеттік қаржы саясатын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сақтандырылған азаматтарға берілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасын теңестіру үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қолдану мен жүзеге асыру болып табылады.

Қордың материалдық-техникалық базасын нығайту және әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру жөніндегі шараларды қаржыландыру.<*>

Ескерту. 2-бөлім жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1996.03.28. N 369 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының функциясы

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры:

қаржы қаражатын шоғырландырады, осы Ережеде көзделген міндеттерді орындау жөніндегі қаржы қызметін жүзеге асырады;

міндетті медициналық сақтандыру бойынша медициналық қызмет көрсетудің жағдайларын теңестіру мақсатында Қордың тиісті аумақтардағы бөлімшелерін де меуді жүзеге асырады;

міндетті медициналық сақтандыру бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру жөніндегі шараларды қаржыландыруға қатысады;

міндетті медициналық сақтандыру мәселелері жөніндегі нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеуді ұйымдастырады және оны бекітеді;

міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасын әзірлеуге қатысады;

міндетті медициналық сақтандыруға арналған сақтандыру төлемдерінің

мөлшері туралы ұсынысты белгіленген тәртіппен енгізеді;
міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары туралы ақпарат жинаудың және таңдауды жүзеге асырады;

міндетті медициналық сақтандыру жүйесі үшін мамандарды кәсіби даярлауды ұйымдастыруды;

Қор бөлімшелерінің қаржы қаражатын ұтымды пайдалануын бақылауды жүзеге асырады;

Қорды ұстауға арналған қаражаттың нысаналы түрде пайдаланылуы туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитетіне ақпарат түсіреді;<*>

міндетті медициналық сақтандыру жөніндегі шығындарды өтеуге бағытталған Қор қаражатының нысаналы түрде пайдаланылуы туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитетіне ақпарат түсіреді;<*>

мемлекеттік сақтандыру проблемалары жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

міндетті медициналық сақтандыру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

міндетті медициналық сақтандыру мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа да шараларды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының қаражаты

Қордың қаржы қаражаты медициналық сақтандырудың мемлекеттік жүйесінің меншігінде болады, бюджеттің, басқа қорлардың құрамына кірмейді және алып қоюға жатпайды.

Қ о р қ а р а ж а т ы :

жұмыс берушілердің міндетті медициналық сақтандыруға арналған сақтандыру төлемдерінің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшердегі бөлігі;

Қордың қаржы қаражатының нормаланған сақтандыру қоры;
Бір тұрғынға есептелген қаржыландыру шығындарының үлестік салмағына сәйкес жұмыс істемейтін халық үшін бюджеттің қаржысы;<*>

Қордың уақытша еркін қаржы қаражатын пайдаланудан түскен табыс; заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен сыйсияпаттары;

Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да түсімдер есебінен құралады.

Қордың уақытша еркін қаржы қаражаты "Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес пайдаланылады.

Қордың уақытша еркін қаржы қаражатын пайдаланудан түскен табыс оның міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылатын шараларды ғана қаржыландыруға пайдаланылады.

Қордың аппаратын, оның материалдық-техникалық базасын ұстауға арналған шығын Қордың тиісті қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мөлшерде жүргізіледі.

Қордың есепті жылда пайдаланылмаған қаражаты алып қоюға жатпайды және келесі жылға қаражат бекіткен кезде еске алынбайды.

Ескерту. 4-бөлім жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1996.03.28. N 369 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорын басқару

Қорды басқару органы оның Дирекциясы болып табылады.

Қор Дирекциясы өзіне жүктелген міндеттерді қызметі халықтың денсаулығын қорғау проблемаларына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметімен, министрліктермен, ведомстволармен және республиканың басқа да ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып шешеді.

Қор дирекциясының қызметін жалпы үйлестіру мен оған басшылық жасауды Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті жүзеге асырады.<*>

Қ о р Д и р е к ц и я с ы :

міндетті медициналық сақтандырудың республикалық бағдарламасында көзделген шығындардың уақытылы әрі толық қаржыландырылуы үшін бүкіл жауапкершілікті мойнына алады;

Қордың перспективалық және кезекті міндеттерін айқындайды;

Қор қызметінің нәтижесі туралы жылдық есепті бекітеді;

Қордың табысын, қаржы қаражатының нормаланған сақтандыру қорын пайдаланудың бағыттарын және шығынның орнын толтырудың тәртібін айқындайды;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне жұмыс берушілердің Қорға сақтандыру төлемдерінің мөлшері жөнінде ұсыныс енгізеді;

жергілікті әкімдермен және өзінің медициналық қызметі бар ведомстволармен келісе отырып, Қор бөлімшелері туралы Ережені, сондай-ақ Қордың қызметіне қатысты мәселелер жөнінде қажетті ережелер мен нұсқаулықтарды өз құзыры шегінде әзірлейді әрі бекітеді;

Қордың құзырына жататын мәселелер жөнінде ұйымдарымен белгіленген

тәртіппен ынтымақтасады әрі шетелдік және халықаралық мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарымен өзара қарым-қатынасты Қордың атынан сөйлейді.

Дирекцияны Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі тағайындайтын Қордың бас директоры басқарады және қ а л ы п т а с т ы р а д ы . < * >

Қордың Бас директоры:
оның мүддесін білдіреді;

Қор мүлкінің қозғалысына билік жүргізеді;
облыстардың және Алматы қаласы әкімдерінің ұсынуымен Қор бөлімшелерінің директорларын тағайындайды;

Қор қызметінің негізгі бағыттары бойынша уақытша комитеттерді және басқа құрылымдарды құрады;

шарттар, соның ішінде еңбек шарттарын жасайды;

банктерде есеп айырысу және басқа шоттар ашады;

Қор қаражатына өкімдік ету құқын пайдаланады, штат кестесі мен шығын сметасын бекітеді, орындау үшін міндетті бұйрықтар шығарады әрі нұсқаулар береді, қызметкерлер арасындағы міндеттерді бөледі;

Қор мен оның бөлімшелері орындау үшін міндетті нормативтік актілерді бекітеді;

басқару жөніндегі әкімшілік-өкімдік қызметті жүзеге асырады;

есеп жүргізуді және есеп беруді белгіленген тәртіппен ұйымдастырады;

азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттік басқару органдарының

Қордың мүддесін қозғайтын құқыққа жат әрекеттеріне заңда белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасайды.

ЕСКЕРТУ. 5-тарау өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.09.21. N 929 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 29 қыркүйектегі

N 1295 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы - бұл міндетті медициналық сақтандырудың жүйесіндегі барлық сақтандырылған адамдарға ұсынылатын медициналық қызметтің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы біртұтас жүйесі.

Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы қолда бар қаржы ресурстарына сәйкес облыстар (Алматы қаласы) деңгейінде кеңейтілуі мүмкін.

2. Базалық бағдарламаның орындалуын медициналық ұйымдар мен жеке медициналық практикамен шұғылданатын адамдар міндетті сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырады.

3. Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасына кірмейтін медициналық қызмет көрсетулер басқа көздерден қаржыландырылады.

4. Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасына шығыны жөнінде теңдестірілген деп есептелетін және жоғары тиімділігіне қоса құны төмен келетін медициналық қызмет көрсетулер енеді.

II. Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы беретін кепілдіктер

5. Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы сақтандырылғандарға қажетті көлемдегі және тиісті сападағы медициналық көмекті сақтандырылғандар тарапынан қосымша шығындалусыз береді.

III. Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы шеңберінде берілетін медициналық қызмет көрсету көлемі

6 .	< * >
7 .	< * >
8 .	< * > .
9 .	< * >
1 0 .	< * >
1 1 .	< * >

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.03.28. N 369 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 7-11-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.04.07. N 493 қаулысымен .

12. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының бюджетімен бір уақытта Базалық бағдарлама бойынша медициналық қызмет көрсетудің тізбесін бекітеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.04.07. N 493 қаулысымен .

IV. Міндетті медициналық сақтандырудың аумақтық базалық бағдарламасы

1 3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ алынып тасталған - ҚР Үкіметінің 1997.04.07. N 493 қаулысымен .

V. Міндетті медициналық сақтандырудың базалық және аумақтық бағдарламалары шеңберінде медициналық қызмет көрсетудің сапасын қамтамасыз ету

14. Медициналық қызмет көрсетуді ұсынудың сапасына, көлемі мен мерзіміне бақылау жасауды Міндетті медициналық сақтандыру қорымен оның бөлімшелері (шарт талаптарына сәйкес), сондай-ақ денсаулық сақтау басқармаларының тиісті органдары жүзеге асырады.

15. Аумақтық базалық бағдарламаларының сапасын бағалау үшін Қор медициналық көмек көрсетуге және Қор бөлімшелерінің қаржы-қаражатын нысаналы түрде пайдалану жөніндегі шарттарын тексеруі әрі тиісті басқарушылық шешімін қабылдауы мүмкін.

16. Көрсетілетін қызметтің сапасына кепілдік беру үшін Қор бөлімшелерінің контракті бойынша контрактіні тоқтатуы және кез келген қанағаттанғысыз қызмет көрсетулер үшін төлемнен бас тартуы мүмкін.